

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 356 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының және ауылдық елді мекендерінің жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер участкерлері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2025 жылғы 20 маусымдағы № 349/24 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан болысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 356 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының және ауылдық елді мекендерінің жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер участкерлері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6273 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

осы шешімнің қосымшасына сәйкес, көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 4-қосымшасында:

"Киров ауылдық округі" бағанында "Восточное ауылы", "Мирный ауылы", "Трудовой ауылы" деген жолдар алынып тасталсын;

"Краснополян ауылдық округі" бағанында "Глубокий ауылы" жолы алынып тасталсын;

"Рошинск ауылдық округі" бағанында "Комсомольский ауылы" жолы алынып тасталсын;

"Чермошнян ауылдық округі" бағанында "Теніз ауылы" жолы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының
төрағасы

С. Бекшенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының
2025 жылғы 20 маусымдағы
№ 349/24 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы мәслихатының

2020 жылғы 16 сәуірдегі

№ 356 шешіміне

2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы бағалау аймақтарының шекаралары

Аймақтың №	Аймақ шекараларының сипаттамасы
1	Тайынша қаласы жерінің солтүстік–шығыс бөлігін алады. Аймақтың шекарасы солтүстік және шығыс жағынан елді мекенниң шекарасы бойынша темір жолдан бөлінген жолақтан батыс жағынан басталады. Қаланың шекарасы болып саналатын, Шағалалы өзенінің арнасы бойынша оңтүстік–шығыс жағынан аймақтың шекарасы өтеді. Аймақтың оңтүстік–батыс бөлігінде Строительный бұрылсына қарама-қарсы, Шағалалы өзенінің солтүстік–батысына ауа отырып – көшелер бойынша, Абай көшесімен қылышқанға дейін Строительный бұрылсының бойынша өтеді, Мағжан Жұмабаев көшесімен қылышқанға дейін, Абай көшесі бойынша батыс–шығыс жағына жалғасады, Дистанционная көшесімен қылышқанға дейін Мағжан Жұмабаев көшесі бойынша шекара өтеді, темір жолдарға дейін НҚП оңтүстік жағынан көшениң бұрылсына дейін өтеді, оларды кесіп өтеді және темір жолдың (қоса) бөлінген жолағының батыс жағынан елді мекенниң шекарасында тұйықталады.
2	Тайынша қаласы жерінің оңтүстік–шығыс бөлігін алады. Аймақтың шекаралары НҚП оңтүстік бөлігінің ауданында бөлінген жолақтармен киылышады, темір жолдың бөлінген жолақтарының батыс жағы бойынша солтүстік–батыс жағынан аймақтың шекарасы басталады, Дистанционная көшесіне дейін НҚП оңтүстік шекарасы бойымен өтеді. Бұдан әрі аймақтың солтүстік–шығыс шекарасы Дистанционная көшесі бойынша солтүстік–шығыс бағытында Мағжан Жұмабаев көшесінің қылышына дейін, Мағжан Жұмабаев көшесі бойынша оңтүстік–батыс бағытында Абай көшесінің қылышына дейін, Строительный бұрылсының қылышына дейін Абай көшесі бойынша жалғасады, жайылымды тікелей қып өте отырып, Строительный бұрылсының бойынша өтеді, Шағалалы өзенінің арнасы бойынша аймақтың оңтүстік–шығыс шекарасы өтеді (қала шекарасы болып саналатын), бағалау аймақтың оңтүстік–батыс жағы қаланың шекарасы болып белгіленді.

Тайынша қаласы жерінің батыс бөлігін алады. Батыс және солтүстік жағынан елді мекеннің шекарасы бойынша темір жолдың бөлінген жолағынан оңтүстік жақтан басталады. Елді мекеннің шекарасында тұйықталып, бөлінген темір жолдың батыс шекарасы бойынша бағалау аймақтың шекарасы солтүстік-шығыс бөлігінде жалғасады.